

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ
ФАКУЛЬТЕТ ФИЛОСОФИИ И ПОЛИТОЛОГИИ
FACULTY OF PHILOSOPHY AND POLITICAL SCIENCE



1150 жыл

Әл-Фарабидің мерейтойы



«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

атты студенттер мен жас ғалымдардың
халықаралық ғылыми конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, Қазақстан, 6-9 сәуір 2020 жыл

2-том

МАТЕРИАЛЫ

международной научной конференции
студентов и молодых ученых

«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

Алматы, Казахстан, 6-9 апреля 2020 года

Том 2

MATERIALS

International Scientific Conference
of Students and Young Scientists

«FARABI ALEMI»

Almaty, Kazakhstan, April 6-9, 2020

Volume 2



ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ
ФАКУЛЬТЕТ ФИЛОСОФИИ И ПОЛИТОЛОГИИ

«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

атты студенттер мен жас ғалымдардың
халықаралық ғылыми конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, Қазақстан, 6-9 сәуір 2020 жыл

2-том

МАТЕРИАЛЫ

международной научной конференции
студентов и молодых ученых

«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

Алматы, Казахстан, 6-9 апреля 2020 года

Том 2

MATERIALS

International Scientific Conference
of Students and Young Scientists

«FARABI ALEMI»

Almaty, Kazakhstan, April 6-9, 2020

Volume 2

Алматы
«Қазақ университеті»
2020

Авсыдыкова К.А., Еламанова А.С.

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы
e-mail: kuralayavsydykova@gmail.com, yelamanova.ainur@gmail.com*

ЖАЛҒЫЗБАСТЫ АНАЛАР: ҚОҒАМДЫҚ КӨЗҚАРАС ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ФАКТОРЛАР

XX ғасырдың аяғында қоғамда болған саяси-әлеуметтік қарама-қайшылықтар қалыпты тіршілік мазмұнына өзгеріс енгізіп, адамдар арасындағы қатынастарға, оның ішінде отбасы институтының құндылықтарына да кері ықпалын тигізді. Бұл өз ретінде бұрын дәстүрімізде кең тарамаған жалғызбасты аналардың қоғамда күн санап көбеюіне әкеп соқтырды.

Қазіргі жаһандық заманның технологиялық жетістігі қуантарлық болғанымен, рухани құндылықтар жағынан кемшін түсіп жатқан тұстары өте көп. Оның бірі – некенің баянсыздығы немесе азаматтық некенің дағдыға айналуы, кәмелетке жетпей жыныстық қатынастарға түсу, соның салдарынан баланы жалғыз тәрбиелеп отырған жас аналар проблемасының өршуі. Мұның себебін анықтау барысында республикамыздағы жас адамдар саны, ерлер мен қыздар санының ара қатынасы, ауылдағы жастар, олардың негізгі проблемалары, қала жастарының өзіндік көзқарасы, жас адамдардың неке құруда жауапкершілікті толыққанды сезінбеуі, соның салдарынан ажырасудың көптігі, ерте жүкті болып қалу, жас аналардың негізгі мәселелеріне тоқталу міндетті болмақ.

Біздің республика халқының төрттен бірі, яғни елдің әрбір төртінші тұрғыны – жастар. Жастар – қоғамдағы адам капиталының стратегиялық маңызды бөлігі болып табылады, сондықтан олардың өмір сүру дағдысы, білім алуы, жұмыспен қамтылуы, отбасын құруы, бала өсіруі біздің қоғамның басты мәселесі болып қала бермек.

Елде репродуктивті жас кезеңінде қанша адам бар дегенді анықтау үшін ресми статистикалық мәліметтерге кезек берейік. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің мәліметі бойынша, 2014 жылы 14-29 жас аралығындағы жас адамдар саны 4 293 353 болған екен[1], ал 2019 жылы жастар саны азайып, 3 830 536 адамды құрады[2]. Яғни жастар санының азаю көрсеткіші 70 мың адам. Яғни 1980 жылдары дүниеге келгендер қазіргі таңда 40 жасты еңсергендіктен жастар санатында емес, жастар қатарын 1990 жылдан әрі қарай дүниеге келгендер толықтырып отыр. Бәрімізге белгілі, 90-жылдары қиын саяси-әлеуметтік және экономикалық жағдайға байланысты туу күрт азайды. 2019 жылғы мәліметте жастар санының аз болуын осылайша түсіндіруге болады.

Тағы бір назар аударатын жайт, 2019 жылы жастардың ауыл және қала болып бөлінуінде қалалықтардың басым (56,8%) екендігін байқадық. Қалалық жастар саны оқуға немесе жұмыс істеуге келген ауыл жастарымен толықтырылуда. Ал жастардың басым көпшілігінің қалада тұрақталып, бейімделіп кетуі барлық жағдайда сәтті бола бермейтіні анық, кейде бұл жағымсыз мәселелердің белең алуына алып келетіні сөзсіз. Кейбір жас адамдардың қалада тұрақты жұмыс таба алмауы, жауапкершіліксіз еркін өмір сүруі, ата-ана тарапынан бақылаудың жоқтығы, зиянды әдеттерге үйір бола бастауы, жыныстық қатынасқа ерте баруы, міне осының бәрі өз кезегінде жалғызбасты аналар санының күрт көбеюіне әсер етеді. «Қазақстан жастары-2014», «Қазақстан жастары-2014» Ұлттық баяндамаларында «мемлекет тарапынан бала тууына байланысты біржолғы жәрдемақы төлеу, 18 жасқа дейінгі жас балаларға жәрдемақы төлеу, ата-ананың қамқорынсыз қалған балаларды, мүмкіндігі шектеулі жастарды қолдауға» мән берілгенімен, қаладағы жастардың белгілі бір бөлігін құрайтын жас жалғызбасты аналардың құқықтары, оларға көрсетілетін әлеуметтік көмек түрлері қарастырылмаған. Тек соңғы жылдардағы Ұлттық баяндамаларда жастар арасындағы некеге тұру, ажырасу, туу мәселесі өз алдына бөлек қарастырыла бастауы бұл мәселенің өзектілігі күннен-күнге артып келе жатқандығын байқатса керек.

Республикадағы жастар мәселесін зерделейтін бірден-бір ұйым – «Жастар» ғылыми зерттеу орталығы жүргізген «Қазақстан Республикасындағы жастардың құндылықтары» әлеуметтік зерттеу талдаулары өте қызық. «Сіз үшін өмірдегі ең басты құндылық?» сұрағына респонденттердің басым көпшілігі (82, 4%) «Отбасы» деп жауап берген [3]. Бұл, әрине, қуантарлық жағдай. Себебі, рухани және отбасы құндылықтары өзгерген заманауи өмірде отбасының рөлінің ерекше екенін мойындайтын жастардың көптігі бұл біріншіден, қашанда отбасы – өмір тірегі, адамның тіршілік етуінің басты мәні екендігін ұғынумен байланыстырсақ, екіншіден, ұлттық менталитет тұрғысынан алғанда да біздің қазақ халқы үшін отбасының орны ерекше екендігімен түсіндіруге болады.

Дей тұрғанмен, жастар отбасы құндылықтарының адамдар арасындағы қарым-қатынастағы орны жоғары бағаланымен, нақты істе бәрі керісінше. Мысалы, 2012 жылы қыздардың некеге тұру жасы 24,4 жасты құраса, 2015 жылы 27,7 жасқа көтерілген. Қарап отырсаңыз, бар болғаны бір жыл ішінде қыздардың тұрмыс құру жасы бірден үш жасқа көтерілген. Бұны қазіргі қоғамдағы өріс алған мына тенденциямен түсіндіре аламыз. Қыздар әуелі жоғары білім алады, сосын экономикалық тәуелсіздікке

ұмтылады, қызметтік мансап қуалап, отбасы құруды негізгі міндеттен алыстата бастайды. Әрине, бұны кейбір ғалымдар қазіргі заман жастарының отбасын құру мәселесіне барынша жауапкершілікпен қарайтынымен түсіндіреді, бірақ бұл бала туу, ұрпақ көбейту мәселесінде өз ізін қалдырып отырады, яғни қыз баланың отбасы құру жасы ұлғайған сайын оның дүниеге бала әкелуі соншалық қиындай түсетіні жасырын емес. Ал әлем халықтарымен салыстырғанда саны жағынан аз саналатын біздің халқымыз үшін демографиялық саясат өте маңызды, қоғамның дамуында генфондты сақтау, халық санын көбейту мәселесіне көп нәрсе байланысты. Бірақ бір өкініштісі, ақпараттық ағыны мол қазіргі қоғамда жасөспірім кездегі жүктілік, түсік жасату, кәмелетке толмай ана болу, ананың баланы жалғыз өзі тәрбиелеуі мәселесі күн тәртібінде ашық тұр. Жасөспірімдердің өмірлік тәжірибесінің аздығы, өз денсаулықтарына немқұрайды қарауы, ерте жыныстық қатынасқа түсуі, жауапкершілікті түсінбеуі жалғызбасты аналар санын көбеюіне алып келуде. Статистика комитетінің деректері бойынша 15-18 жас аралығында босанған қыздар санының ең жоғары көрсеткіші Алматы, Жамбыл, Қарағанды және Түркістан облыстарында байқалады. Айталық, егер 2015 жылы 15-18 жаста босанған қыздар саны Алматы қаласында 3,08% құраса, бұл көрсеткіш 2019 жылдың алты айында 6,84%-ке өскен [2]. Бұның өзі мәселенің үлкен қалаларда тым кең таралғанын көрсетеді.

«Күн сайын әлемде 20 мың жасөспірім қыз босанады. Ал елімізде жыл сайын кәмелетке толмаған 3 мың ұл мен қыз некеге отырса, 1000 жасөспірім қыздың 30-ы өмірге сәби әкеледі. Швецияда 1000-ның төртеуі, Оңтүстік Кореяда екеуі. Қазақстандық жасөспірімдердің туу статистикасы Еуропа елдеріне қарағанда алты есе көп. Қазақстанда қыз тағдырының құны қандай? Жасөспірімдер арасындағы жүктіліктің көбеюі жыныстық сауаттылықтың төмендігінен бе?»[4] деген сауал бүгінде осы мәселені қарастырған әрбір адамның көкейінде тұр.

Бүкіл әлемде дәрігер мамандар жасөспірім жастағы жүктіліктің қауіптілігін айтып, дабыл қағуда. Жыныстық дамуы толық жетілмеген ағзаның бала көтеруі көп жағдайда орны толмас қасіретке алып келіп жатады. Босану кезінде кездесетін жас аналар өлімі, баланың іште шетінеуі, баланың толыққанды дамымауы, дәрігерге уақытылы қаралмау салдарынан бала денсаулығында кінәрат болуы және тағы басқа толып жатқан жағдайлар – осының салдары. Алтым ерте ана болудың моральдық, әлеуметтік, психологиялық, материалдық проблемалары өз алдына зерттеуді қажет етеді.

Біздің республикада жас жалғызбасты аналарды қоғамға бейімдеу мәселесі аз зерттелген, кейбір ғалымдардың осы мәселеге ішінара тоқталғаны болмаса, келелі жұмыстар жоқтың қасы. Тіпті жасы ұлғайып, отбасы құрмай, саналы түрде жалғызбасты ана болу мәселесі де назарға алынбай келеді. Қолда бар материалдарға жасалған талдау статистикалық ақпараттың және осы проблеманың деңгейін сипаттайтын басқа да арнайы деректердің жетіспеушілігін көрсетті, яғни, бұл ғылыми кеңістікте өз орнын таппаған мәселе болғандықтан, қазіргі уақытқа дейін қоғам мен мемлекеттің назарынан тыс қалып отыр деп батыл түрде айта аламыз. Сонымен бірге қоғамда белең алған ажырасу себебінен ананың баланы жалғыз тәрбиелеуі де өз алдына қарастыруды қажет етеді.

Елбасы Н.Назарбаев «Жастарды және отбасы институтын кешенді қолдау мемлекеттік саясаттың басымдығы болуы керек» деп нақты атап көрсетті [5].

Толық емес отбасында бала тәрбиелеу көптеген қиындықтармен тұспа-тұс келеді, әсіресе бұл қоғамдық-әлеуметтік, материалдық жағдайларға, аналардың тәрбиесіне, адамгершілік қасиеттеріне де байланысты. Көптеген жалғызбасты аналардың күн көріс деңгейі өте төмен, бұл өмірдің жаңа белесіне – аналық өмірге бейімделуде қиындық туғызады. Жалғызбасты аналар өздерін асырау үшін күні-түні жұмыс істеуге мәжбүр, олардың әдетте бала тәрбиесіне уақыты жоқ, оның сыртында ер адаммен болған сәтсіз қарым-қатынас кесірінен өмірден түңіліп, әлеуметтік ортаға бейімделе алмайды. Жалғызбасты аналардың басты бөлігін некеге тұрмай жүкті болған немесе жігітінен алданып қалған, нақты білімі мен тұрақты жұмысы жоқ, ана болудың әлеуметтік маңызын жете сезінбеген, бала тәрбиелеуде тәжірибесі мен дағдысы жоқ жас аналар құрайды. Бұл олардың әлеуметтік бейімделуінде әжептеуір қиындық туғызады. Сонымен бірге қоғамның жалғызбасты аналарға деген жағымсыз көзқарасын жоққа шығара алмаймыз. Көп жағдайда некесіз дүниеге келген балаәкесінің жауапкершіліктен қашуы немесе мүлде бас тартуы, қыздың өз ата-анасының, туған-туыстарының ренішінен қорқуы, тіпті жас ананы қоршаған адамдардың: құрбы-құрдас, көршілер, таныстар, сыныптастар және т.б. ұнамсыз көзқарасы, осының бәрі жас ананы депрессияға ұшыратып, тіпті кейде өзіне-өзі қол жұмсауына дейін апарады. Баланы перзентханаға тастап кету, бас тарту және тағы басқа жағдаяттар да осыдан шығады. Анасы баладан бас тартпай, жалғыз тәрбиеленгеннің өзінде де толық емес отбасында тәрбиеленген бала әкесі болмауы себебінен әлеуметтік дискриминацияны ерте сезінетіндігі рас.

Біздің қоғамда жалғызбасты аналарға деген пікірді шартты түрде үшке бөлуге болады: жалғызбасты аналарды түсінуге мүлде тырыспайтындар, олардың тағдырын қабылдай алмайтындар, басқаша айтқанда ұнатпайтындар, олар көбіне «болған іске, бәріне қыздың өзі кінәлі» ұстанымын қолдайды, екінші топ–

жақтырмаудан көрі аяныш сезімі басым адамдар, «обал болды» деген көзқарасты жақтайтындар, үшінші топ – жалғызбасты аналардың тағдырына немқұрайдылық танытатындар, оларды «жалғызбасты аналар тағдыры қызықтырмайды». Осылардың ішінде «қыздың (жас ананың) өзі кінәлі» дегенді ұстанатындар біздің қоғамда өте көп. Олар ерте жастан қыз баланың тәрбиесіне көп көңіл бөлу қажеттілігін айтады. Бұл өте дұрыс. Бірақ өмірде бәрі сәтті бола бермейтіні белгілі, тағдыр тезінде қыз бала осы жағдайға ұрынған уақытта, басына іс түскенде қоғам қандай қадам жасауы керектігі көбіне шешімін таппай жатады. Бұл жалғызбасты аналар мәселесін тереңдете түседі.

Жалғызбасты аналардың әлеуметтік, тұлғалық қарама-қайшылығы мен оларға көмек көрсететін әлеуметтік ұйымдарының мазмұны арасындағы алшақтықты арттыра түседі. Сондықтан жалғызбасты аналардың әлеуметтік және тұлғалық мүмкіндіктерін зерттеу, оларды қоғамға бейімдеудің өзектілігі барынша арта түседі.

Толық емес отбасы мәселелеріне арналған еңбектерде олардың жалпы проблемалары, өмірлік қиындықтары сөз болғанымен, жалғызбасты аналардың әлеуметтік, тұлғалық, рухани қиындықтары жеткілікті зерделенбеген. Көптеген зерттеу еңбектері негізінен, материалдық қиындықтарды көбірек қарастырады. Ал жалғызбасты аналардың жүктілік кезіндегі жан-жағынан қолдау таппай қиналуы, тәжірибесіздігі, барлық сәтсіздіктері мен қиналыстарының себебі ретінде некесіз туатын баласына деген жеккөрінішті көзқарасы, қоршаған ортаның жазғыруы, кінәлауы, депрессия жағдайында өзіне-өзі қол жұмсау арасындағы байланыс мәселесі қарастырылмай келеді. Шығармашылық бастамашыл әйелдердің Лигасы «Сорос Қазақстан» Қорының қолдауымен сонау 2010 жылы «Қазақстандағы ерте ана болудың проблемаларын талдау» жобасын жүзеге асырған болатын [6]. Бұл зерттеу нәтижесі жүктіліктен сақтану мәдениетінің төмендігі, арнайы медициналық, консультациялық, психологиялық қызметтердің тым аздығы, болғанның өзінде оған жас қыздардың жүгінбеуі, жасөспірімдерге арналған жыныстық мәселелер бойынша бағдарламаның жоқтығы ерте жыныстық қатынастың басталуына әкеп соғатынын көрсетті. Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссияның мәліметіне сүйенсек, жыл сайын үш мыңнан астам кәмелетке толмаған қыздарерте некеге отырады екен. Бұл жасөспірім жалғызбасты аналардың біздің қоғамның нақты бір бөлігі екенін мойындап, оны өзекті мәселе қатарында санауымыз керектігін көрсетеді. Ең өкініштісі сол, әлеуметтік, материалдық және моралдық жағынан бала тәрбиелеуге дайындығы жоқ жас аналардың балаларының көбісі кейін әлеуметтік жетімдердің санын көбейтіп, балалар үйінің тәрбиеленушілеріне айналады.

Жалғызбасты аналардың балалы болған кездегі жасы, білімдік, кәсіби деңгейі, отбасылық жағдайы түпкілікті қарастырылмаған. Бала тәрбиелеу барысында жалғызбасты аналар әртүрлі әлеуметтік қиыншылықтарға ұшырайды. Толыққанды отбасы үшін қалыпты болатын қарапайым жағдайлар жас жалғызбасты ана үшін аса маңызды, шешілместей болып көрінуі мүмкін. Айта кететін жағдай, жоғары білімді аналарға қарағанда арнайы білімі жоқ аналардың табыс көзі шектеулі, тұрақты жұмыс орны жоқтығы да өмір сүруді қиындататыны анық.

Сонымен бірге алдағы зерттеу барысында «некеден тыс ана болу», «жалғызбасты ана», «жалғызбасты ананың отбасы» сияқты ұғымдарының мағынасын айқындайтын боламыз. Себебі, заңдылық жағынан некесіз баланы дүниеге әкелген аналардың құқықтық-әлеуметтік статусы айқын емес. Қоғамдағы жалғызбасты аналар санының арту себептері де күрделі. Ең алдымен, қыз бала мен ер бала тәрбиесіне жеткілікті назар аударылмауы, шетелдік жыныстық бағыттағы ақпарат көздеріне қызығушылықтың артуы, отбасылық байланыстың әлсіреуі, отбасы институты құндылықтарының төмендеуі, ұлттық дәстүрдегі дәстүрлі отбасылық қарым-қатынастардың дәріптелмеуі, нәпсіге бой алдыру, некеден тыс жыныстық қатынасқа ерте түсу, азаматтық некенің белең алуы, ажырасу фактілері, міне осы жағдайлардың барлығы да баланы жалғыз өзі асырайтын жас аналар санының көбеюінің бірден бір себептеріне жатады.

«Жалғызбасты ана» ұғымына кімдер жатады, «некеден тыс бала туған жас аналар», «жасы келіп, өзі үшін туып алғандар», «жесір қалғандар», «ажырасу нәтижесінде өз бетінше балаларын тәрбиелеп жатқан аналар», «азаматтық некедегі аналар», «жалғыз өзі бала асырап алғандар» және тағы басқа түрлі жағдайлармен жалғызбасты аналар атанғандар ма, осы жағы да нақты талдауды қажет етеді. Қалай болғанда да некеден тыс бала туып, өзі асырап отырған жалғызбасты жас аналардың категориясы барлық жағынан оқшау тұрады, себебі олар әу бастан толық емес отбасы саналады. Бұл жердегі бір ескеретін нәрсе, егер некеден тыс туған баланың биологиялық әкесі отбасына қолдау көрсетіп, көмектесетін болса, «жалғызбасты ана» деп атау қаншалықты дұрыс деген мәселе тағы бар.

«Қазіргі отандық ғылымда «жалғызбасты ана» ұғымының нақты анықтамасы жоқ. Термин тар және кең мағынада қолданылады. Тар мағынада ол некесіз балалары бар, заңды некеде тұрмайтын

әйелдерді қамтиды. Бұл терминнің толық коннотациясы балаларды жалғыз тәрбиелейтін аналардың кең санатын білдіреді, оның ішінде жесір қалған және ажырасқан балалары бар әйелдерді қарастырады»[7].

Интернетте жалғызбасты аналарға қатысты материалдарға шолу жасау барысында мынадай ақпараттарды кезіктірдік. «Baribar/Бізде бәрі бар!» консультативтік сайтында қойылған «Жалғызбасты ана деген кім?» сұрағына «Көп адам жалғызбасты ана мен толық емес отбасы екеуін шатастырады. Жалғызбасты ана – заңды некеге тұрмай, дүниеге сәби әкелген әйел. Оларға алимент төленбейді. *Күйеуімен ажырасқан, яки жолдасы қайтыс болған, балалары бар аналар толық емес отбасы санатына кіргізіледі*» деген жауап берілген. Ал «жалғызбасты аналар жәрдемақыны қалай алады?» деген сауалға «Қазақстанның қазіргі заңнамаларына сәйкес, балаларын жалғыз тәрбиелеп отырғандарға **арнайы жәрдемақы жоқ**. Толық емес отбасыға жәрдемақы мен басқа да төлемдер барлығымен бірдей беріледі. Барлық аналар сияқты жалғызбасты ана да бала тууына байланысты тағайындалатын біржолғы мемлекеттік жәрдемақы, бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы, 18 жасқа дейінгі балаларға тағайындалатын ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы, мүгедек баланы (мүгедек балаларды) тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қамқоршыға төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақыны алуға құқылы» деп жазылған»[8]. Ал мектептен жеңілдіктер мен қаржылай көмек алатын балалар санатында жалғызбасты аналар мүлде көрсетілмеген.

Жалғызбасты аналардың құқықтары туралы осындай мәліметтердің анық-қанығына көз жеткізу мақсатында Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми интернет-ресурсына кірдік. Бұл ресурста жалғызбасты аналарға қатысты келіп түсіп жататын көп сұрақтардың біріне (мысалы: «...Жалғыз басты анамын. Жалғыз басты ана дегенге кім жатады, мен жәрдемақы ала аламын ба? Оған қандай құжат тапсырамын?») былай ресми жауап қайтарылған екен: «Қолданыстағы заңнамаға сәйкес жалғызбасты аналарға әлеуметтік кепілдемелер жалпы негізде қаралған. Жәрдемақы жөніндегі сұраққа келсек, отбасының орта есеппен жан басына шаққандағы табысы азық-түлік себетінің құнынан төмен болған жағдайда, 18 жасқа дейінгі балаларға арналған жәрдемақы алуға құқығы бар»[9]. Байқағанымыздай, мемлекет тарапынан да жалғызбасты аналардың құқықтық мәртебесі реттелмеген. Сондықтан да жалғызбасты аналарға арнайы төленетін жәрдемақы түрі тағайындалмаған.

Жалғызбасты аналар отбасының проблемасы қашанда әлеуметтік мәселе болып қала бермек, себебі, қоғамда отбасының орны басқа әлеуметтік институттарға қарағанда ерекше. Адамның өмірінде отбасының алғашқы әлеуметтік институт ретінде орны аса маңызды. Отбасында бала тәрбиеленеді, алғашқы тәлім-тәрбиені отбасынан алады, осында әлеуметтік бейімдеу үдерісі жүреді, тұлғаның қалыптасуы отбасынан басталады, отбасында тұлғаның ішкі әлемі мен жеке сапалық қасиеттері қалыптасады. Ол бұл жалғызбасты анадан ғана құралған толық емес отбасында қалай жүзеге асады, бұл да өз алдына зерделеуді талап етеді.

Қалай болғанда да жалғызбасты аналарды әлеуметтік қолдау – мемлекеттің отбасылық саясатының құрамдас бөлігі, жас жалғызбасты ана өзінің ішкі күш-қуаты есебінен отбасылық өмірде кездесетін алуан түрлі жағдаяттар мен проблемаларды шеше алмаған кезде қоғамның, мемлекеттің қолдауын айқын сезінуі тиіс.

Ұлыбританияда жалғызбасты ата-аналарға материалдық көмек бала 16 жасқа толғанға дейін көрсетіледі. Олар балаларға арналған жәрдемақы, денсаулық сақтаудың тегін қызметтері, тұрғын үй алуға басым құқықтарына ие. Аустралияда жалғызбасты ата-аналар, оның ішінде әкелер де мемлекеттік көмек алады, бұл ретте жәрдемақының мөлшері олардың жалақысына байланысты болады. Ерекше санаттағы зейнетақыларды кәмілеттік жасқа толмаған балалары бар жесірлер және 50 жасқа толған адамдар алады [10]. Осындай деректерді де қазіргі заманауи қоғамды гуманизациялау бағытындағы жұмыстарда ескерген артық болмас.

Бүгінде елімізде жалғызбасты аналарға арналған арнайы әлеуметтік көмек қарастырылмаған, бірақ, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 маусымдағы № 63 Заңының 4-бабына сәйкес жәрдемақылар алу құқығы отбасының орта есеппен жан басына шаққандағы табысы азық-түлік себетінің құнынан төмен болған жағдайда, балаларға арналған жәрдемақы тағайындалады. «Ең төмен тұтыну себеті бүгінде 31 183 теңгені құрайды» [11]. Бұл жерде атап кететін жайт, жас ананың табысы аталған сомдан төмен болған жағдайда ғана жәрдемақы алу құқығына ие болатынын ескерген жөн. Ал еліміздегі шарықтаған нарық қатынастар жағдайында өмір сүру, күн көру, бала асырау, баланы оқыту, тәрбиелеу, жетілдіру мәселесінің бүгінгі күндегі құны аталған күн көріс деңгейінен әжептеуір қымбат екенін ескерсек, мәселенің өзектілігі артып, зерттеу аясы кеңейетіні анық.

«Қазақстан Республикасының халықты әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес 2018

жылдың 1 қаңтарынан бастап жаңа форматтағы атаулы әлеуметтік көмек қолданысқа енгізілді. Жаңа форматтағы атаулы әлеуметтік көмек жәрдемақының үш түрін біріктіреді, атап айтқанда: 18 жасқа дейінгі балаларға арналған мемлекеттік жәрдемақы; көп балалы отбасылар үшін арнаулы мемлекеттік жәрдемақы; қолданыстағы атаулы әлеуметтік көмек. Бұл жерде де жалғызбасты аналар жалпы негізде қарастырылған.

Бұл әрине, мәселенің экономикалық (материалдық) жағы. Ал жалғызбасты аналар, оның ішінде әсіресе жасөспірім аналарды қоғамға бейімдеу, оларға моральдық көмек көрсету, уақытша тұратын жермен, жұмыс орнымен қамтамасыз ету мәселесі әрқашан өзекті. Алдағы уақытта жалғызбасты аналарды әлеуметтік қолдау механизмдерін талдау, үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдардың қызметін саралау, әсіресе жас жалғызбасты аналарды әлеуметтік қолдау нысаны ретінде «Аналар Үйі» қызметін бағалауға толық тоқталатын боламыз. Бүгінде Қазақстан бойынша 19 қалада 24 «Ана үйі» ашылған және әр үйдің қаржыландыратын меценаттары бар. Алғашқы «Ана үйі» Астана қаласында ашылды. Бұл орталықтардың пайда болуы қоғамдағы жетімдер үйінің азаюына себеп болды десек, артық айтқандық емес.

Әрине, бір мақала төңірегінде жалғызбасты аналар санының артуының әлеуметтік-қоғамдық, психологиялық себептерін айқындай алмаймыз. Сондықтан да бұл мақаладағы негізгі мақсатымыз – жалғызбасты аналардың проблемасына назар аударту, оларды әлеуметтік бейімдеу үдерісіндегі мемлекеттің үлес салмағын арттыруға талпыныс жасау, Қазақстандағы жалғыз басты аналардың феноменін талдау, елдегі жалғызбасты аналарды әлеуметтік қолдау мәселелері мен тәжірибелерінің барлық аспектілерінің өткірлігі мен параметрлерін анықтау, қазақстандық қоғамдағы жалғыз басты аналардың құқықтық және әлеуметтік-мәртебелік ұстанымдарын зерттеу, қазіргі заманғы қоғамдағы жалғызбасты әйелдерді әлеуметтік бейімдеу, оны тиімді жолдарын ұсынудың қажеттілігін ашып көрсету мәселелеріне қоғамдастық пен жұртшылықтың назарын аударту. Ал бұл мәселелерді терең қарастыру болашақтағы зерттеу жұмысымыздың өзегіне айналады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.«Қазақстан жастары-2014» Ұлттық баяндамасы. Национальный доклад «Молодежь Казахстана-2014». Ж.К.Боқанова, Ж.К.Кәрімова, Л.М.Әмреева, Л.Ю.Зайниева, Г.Т.Лиясова, Н.П.Калашникова, Х.С.Қалиева, Г.Н.Кенжебалина, Б.Б.Масатова, Ә.А.Мұхамеджанова, А.Н.Тесленко – Астана: «Жастар» ҒЗО, 2014. 270 б., 7 бет.
- 2.«Қазақстан жастары-2019» Ұлттық баяндамасы. Национальный доклад «Молодежь Казахстана-2019». «National report Youth of Kazakhstan – 2019». Ойшыбаев К.Б., Қайдарова А.С., Каримова Ж.К., Әшімханова Д.Ә., Батталова Ж.С., Родионов А.Н., Ким Е.М., Жампеисов Д.А., Шаповал Ю.В., Касымбеков А.М. Астана: «Жастар» ҒЗО, 2019. 420 б., 9-11, 29 бет.
3. Социологические исследования «Ценности молодежи РК» НИЦ «Молодежь», 2017 г.
4. Абибулла Н. Қыздардың ерте балалы болуы олардың өміріне қауіпті. 2017 ж. http://old.baq.kz/kk/news/kogam/kizdardin_erte_balali_bolui_olardin_omirine_kauipti20171108_170500
5. Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 5 қазан, 2018 жыл.
6. Анализ проблемы раннего материнства в Казахстане. Фонд «Сорос Казахстан». Общественное Объединение «Лига женщин творческой инициативы», 2010 г. https://www.soros.kz/wp-content/uploads/2018/02/the_analysis_of_the_early_motherhood.pdf
7. Данилова С.С. Социологический анализ проблем одиноких матерей в малом городе (на примере Ивановской области). 2009 г. <https://cyberleninka.ru/article/n/sotsiologicheskii-analiz-problem-odinokih-materey-v-malom-gorode-na-primere-ivanovskoy-oblasti>
8. Қыдырханова А. Жалғызбасты аналарға қандай жеңілдіктер қарастырылған? 2018 ж. <https://baribar.kz/card/zhalghyzbasty-analargha-qandaj-zhenhildikter-qarastyrylghan/>
9. <https://www.enbek.gov.kz/ru/node/300994> Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми интернет-ресурсы
10. Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат Тұжырымдамасы
11. <https://sputniknews.kz/spravka/20200216/12853504/kunkoris-dengeii.html>

<i>Тулпова М.А.</i> ВОПРОСЫ ИНТЕГРАЦИИ НАУЧНЫХ ОТРАСЛЕЙ ЗНАНИЙ В ТРАКТАТАХ АЛЬ-ФАРАБИ.....	408
<i>Шамсудинова Р.В.</i> ГЕНДЕРНАЯ ПРОБЛЕМА В РЕЛИГИИ ИСЛАМ: УБИЙСТВА ЧЕСТИ.....	411
<i>Шаяхметова Ә.Н.</i> ДІНИ ТҮЛҒАНЫҢ «МЕН ТҮЖЫРЫМДАМАСЫ»	414
<i>Шаяхметова А.</i> ДІНИ ТҮЛҒАНЫҢ МӘНІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТОПТАСТЫРЫЛУЫ	417
<i>ХумарханЖ.</i> ӘЛ-ФАРАБИ ІЛІМІНДЕ ПАЙҒАМБАРЛЫҚ ҰҒЫМЫ.....	421

СЕКЦИЯ 6

ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ӨЗГЕРІСТЕРДІ СОЦИОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛДАУ СОЦИОЛОГИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ СОЦИАЛЬНЫХ ИЗМЕНЕНИЙ В КАЗАХСТАНСКОМ ОБЩЕСТВЕ SOCIOLOGICAL ANALYSIS OF SOCIAL CHANGES IN KAZAKHSTAN SOCIETY

ИНКЛЮЗИВТІ ҚОҒАМ: ПЕРСПЕКТИВАЛАР ЖӘНЕ КҮТІЛІМДЕР ИНКЛЮЗИВНОЕ ОБЩЕСТВО: ПЕРСПЕКТИВЫ И ОЖИДАНИЯ INCLUSIVE SOCIETY: PERSPECTIVES AND EXPECTATIONS

<i>Авсыдықова К.А., Еламанова А.С.</i> ЖАЛҒЫЗБАСТЫ АНАЛАР: ҚОҒАМДЫҚ КӨЗҚАРАС ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ФАКТОРЛАР.....	424
<i>Балмаганбет Б.Ж.</i> ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТ: ҚОҒАМДАҒЫ ОРНЫ МЕН РӨЛІ	429
<i>Барақбаева Т.А.</i> ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ ӘЛ-ФАРАБИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ	432
<i>Болысбаева А.К.</i> ЖАС МАМАНДАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ИНТЕГРАЦИЯСЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	435
<i>Даусенов Д.Н.</i> КӘСПОРЫНДАРДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ РЕСУРСТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ	437
<i>Едренова Н.Т.</i> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КӨП БАЛАЛЫ ОТБАСЫЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫ	439
<i>Kadyrolla M.</i> MODERN REPATRIATION POLICY IN KAZAKHSTAN.....	440
<i>Камал А.М.</i> ПАТТЕРНЫ ПОТЕРЕБИТЕЛЬСКОГО СТИЛЯ МОЛОДЕЖИ В СОЦИАЛЬНЫХ МЕДИА: ТЕОРЕТИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ	442
<i>Kulyshbaeva Z.</i> HOW CONSEQUENCES OF CORRUPTION CAN INFLUENCE PEOPLE'S LIFE?.....	445
<i>Мырзабекова А.Е.</i> ХАЛЫҚТЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ САНАТ РЕТІНДЕ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ	449
<i>Тулбаев Н.Н.</i> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС ЖӘНЕ ТЕҢ ҚҰҚЫҚТАР МЕН МҮМКІНДІКТЕРДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ	451
<i>Смаилов А.М.</i> ӘЛЕУМЕТТАНУ МЕН «ҮЛКЕН ДЕРЕКТЕРДІҢ» ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУІ.....	456
<i>Sharifullah N.</i> SOCIOLOGY OF ETHNICITY AND THE STRUCTURE OF POLITICAL AUTHORITY IN MODERN GOVERNMENTS IN AFGHANISTAN	459
<i>Шакенов Д.С., Султанова А.М.</i> ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕГІ ДЕЗИНФОРМАЦИЯҒА ҚОҒАМ КӨЗҚАРАСЫ	463